



Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ





Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ғылыми зерттеулер жүргізу, табиғатты қорғау бастамаларына қатысу, экологиялық мәдениетті дамыту, сондай-ақ биоалуантүрлілікті сақтауға, деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіруге және табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануға бағытталған жобаларды жүзеге асыру арқылы БҰҰ-ның №15 Тұрақты даму мақсаты — «Құрлықтағы тіршілік» мақсатына қол жеткізуге өз үлесін қосуда.

Бұл Атырау университеті үшін нені білдіреді?

Университет табиғи экожүйелерді сақтауды өңірдің тұрақты дамуының маңызды бағыты ретінде қарастырады. Биоалуантүрлілікті қорғауға, деградацияға ұшыраған аумақтарды қалпына келтіруге, жайылым ресурстарын тұрақты басқаруға, сондай-ақ студенттер мен қоғам арасында экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.



Биоалуантүрлілікті және табиғи экожүйелерді сақтау

Университеттің ғылыми қызметінің бағыттарының бірі — өңірдің өсімдіктер алуантүрлілігін зерттеу және сақтау.

Атырау университетінде аридті және тұзданған экожүйелердегі өсімдіктерді сақтау және көбейту мәселелеріне арналған «Изен тұқымдарын стратификациялаудың ғылыми негіздері мен практикалық маңызы» атты ғылыми дөңгелек үстел өтті. Іс-шара барысында тұқымдардың өнгіштігін арттырудың заманауи әдістері, ғылыми мониторинг нәтижелері және өңірдің биоалуантүрлілігін сақтау мәселелері қарастырылды.

Табиғатты қорғау мәселелеріне «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватымен ынтымақтастық аясында да ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ынтымақтастық табиғи экожүйелерді сақтауға және жастардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған.





Көгалдандыру және экожүйелерді қалпына келтіру



Университет аумақтарды көгалдандыру және табиғи ортаны қалпына келтіру шараларына белсенді қатысады.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Қолданбалы экология» білім беру бағдарламасының студенттері «Ақжайық» табиғи резерватының аумағында ағаш отырғызуға, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға бағытталған экологиялық акцияларға, соның ішінде Отбасылық саябақта ағаш отырғызу жұмыстарына қатысты.

Университет студенттері мен оқытушылары экологиялық сенбіліктерге және Жайық өзенінің жағалауын тазарту акцияларына да белсенді қатысып, табиғи ортаны сақтауға және өңірдің экологиялық мәдениетін дамытуға өз үлестерін қосуда.



Экологиялық бастамалар және жастардың қатысуы

Университетте студенттердің экологиялық бастамалары белсенді түрде дамып келеді.

2025 жылы студенттерді, оқытушыларды және экологиялық белсенділерді табиғатты қорғау жобаларын жүзеге асыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында біріктірген «Эко-Әлем» экологиялық клубы құрылды.

Клуб қызметі аясында қамыс пен тағам қалдықтарын қайта өңдеуге негізделген «Фитотері» жобасын, сондай-ақ шыны қалдықтарын қайта пайдалануға бағытталған жобаларды қоса алғанда, инновациялық экологиялық жобалар ұсынылды.

Экологиялық қозғалысты дамытуға GreenWay эко-клубы да өз үлесін қосуда. Клуб мүшелері экологиялық акциялар, ағаш отырғызу шараларын, пластикті қайта өңдеуге бағытталған жобалар мен экологиялық тренингтер ұйымдастырады.







Жер ресурстарын тұрақты пайдалану



Экономика кафедрасы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және өңірлік экожүйелерді сақтауға бағытталған ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруда.

Қолдау тапқан жобалардың қатарында:

«Атырау облысы Жылыой ауданында ротациялық жайылым жүйесін енгізу»;

«Атырау облысының шөлейт аймағы жағдайында экологиялық таза қой және қозы етін өндіру технологиясы».

Аталған жобаларды жүзеге асыру жердің деградациясын төмендетуге, жайылым ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға және экологиялық қауіпсіз ауылшаруашылығын дамытуға ықпал етеді.



Ғылыми зерттеулер және жайылымдық экожүйелерді қалпына келтіру

Университет ғалымдары деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіруге және құрғақ аймақтар экожүйелерінің тұрақтылығын арттыруға бағытталған зерттеулер жүргізуде. Каспий маңы шөлейт аудандарында суармалы жайылымдар құруға, тұзданған топырақтарға бейімделген мал азықтық дақылдарды зерттеуге, сондай-ақ олардың экологиялық және шаруашылық тиімділігін бағалауға ерекше көңіл бөлінеді.

Зерттеулер аясында *Kochia prostrata* және *Camphorosma monspeliaca* өсімдіктерінің бейімделу ерекшеліктері зерттеліп, деградацияға ұшыраған жайылымдардың биоалуантүрлілігін қалпына келтіру және оларды тұрақты пайдалану бойынша ұсынымдар әзірленуде.



ТДМ 15-КЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ БОЛАШАҚ ҚАДАМДАР

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті биоалуантүрлілікті сақтауға, деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіруге және өңірдің экологиялық тұрақтылығын арттыруға бағытталған бастамаларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Дамудың басым бағыттары:

- биоалуантүрлілікті сақтау және табиғи экожүйелерді қалпына келтіру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді кеңейту;
- аумақтарды көгалдандыру және өңірдің экологиялық тұрақтылығын арттыруға бағытталған жобаларды дамыту;
- экологиялық клубтар мен жастардың табиғатты қорғау бастамаларын қолдау;
- табиғатты қорғау ұйымдарымен және мемлекеттік табиғи резерваттармен ынтымақтастықты кеңейту;
- деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтіру үшін инновациялық экологиялық шешімдерді енгізу;
- жайылым ресурстарын тұрақты пайдалану және топырақ деградациясының алдын алу бойынша ғылыми жобаларды дамыту;
- жастардың экологиялық сауаттылығын арттыру және студенттерді практикалық табиғатты қорғау іс-шараларына тарту.

Осы бағыттарды іске асыру университеттің құрлық экожүйелерін сақтауға, биоалуантүрлілікті қорғауға, сондай-ақ БҰҰ-ның №15 Тұрақты даму мақсаты — «Құрлықтағы тіршілік» мақсатына қол жеткізуге қосатын үлесін арттыруға мүмкіндік береді.